

**Интернат ұйымдарының жасы кәмелетке толмаған тұлғаларын және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 15 қыркүйектегі N 33/1 қаулысы. Қарағанды облысы Балқаш қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 5 қазанда N 8-4-244 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 3 қазандағы № 27/04 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 03.10.2013 № 27/04 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 4 бабының 2 тармағының 5) тармақшасына, 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 5–5) тармақшасы мен 5–6) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Барлық меншік түріндегі ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар интернат ұйымдарының жасы кәмелетке толмаған тұлғаларын және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына жыл с а й ы н ғ ы к в о т а б е л г і л е с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.Ә. Қ а з и е в а ғ а ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Приозерск қаласы әкімінің*  
*міндетін атқарушы* *Т. Досаев*